

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ӨЗБЕК ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯ (ҚАЗАҚ ТІЛІ, ТҮРКМЕН ТІЛІ) КАФЕДРАСЫ

КУРС ЖҰМЫСЫ

Тақырыбы: *«Қазақ тіліндегі шылау сөздердің
ерекшеліктері»*

Орындаған: _____ Б.Төлегенов

Қабылдаған: _____ Г.Адилова

Нөкіс – 2016 ж.

Қазақ тіліндегі шылау сөздердің ерекшеліктері

Жоспар:

Кіріспе

1. Шылаулардың жалпы сипаттамасы

2. Шылаулардың зерттелу тарихы

Негізгі бөлім

1. Жалғаулық шылау және оның түрлері

2. Септеулік шылаулар

3. Демеулік шылаулар және олардың түрлері

Қорытынды

Кіріспе

1. Шылаулардың жалпы сипаттамасы, түрлері

Көмекші сөздер деп нақтылы лексикалық мағыналары я әр түрлі дәрежеде солғындап, я бүтіндей жоғалып, сөйлегенде жеке-дара тұлға есебінде қолданылмай, тек мағыналы сөздермен тіркесіп қана жұмсалып, оларға жәрдемші болып қызмет атқаратын сөздерді айтамыз.

Көмекші сөздер ең алдымен атаушы көмекшілер және шылаулы көмекшілер деген екі топқа бөлінеді. Атаушы көмекшілер өздері тіркесетін атаушы сөздерге қосымша лексика-грамматикалық мағына үстейді. Мысалы: үй іші, тау асты, оқып бер деген күрделі формалардың әрқайсысының соңғы компоненттері алғашқы компоненттерінен қосымша лексика-грамматикалық мағына жамап тұр. Бұл күрделі формалардың құрамдарындағы көмекші сөздері әрине, біркелкі емес. Өйткені олардың алғашқы екуінің құрамындағы іші, асты сөздері лексикалық мағыналары тек солғындаған көмекші есімдер болады да, олар семантикасы жағынан да, түрлену үлгісі жағынан да, қызметі жағынан да зат есімдерге әрі ұқсас, әрі жақын болумен қатар, үнемі сол есімдермен тіркесіп жұмсалады. Ал бер, ал сөздері лексикалық мағыналары солғындаған көмекші етістіктер болғандықтан, семантикасы жағынан да, түрлену үлгісі жағынан да, қызметі жағынан да, негізгі етістіктерге әрі ұқсас, әрі жақын болумен бірге, үнемі сол етістіктермен тіркесіп қолданылады. Осыған орай, көмекші сөздердің бұл тобы іштей көмекші есімдер және көмекші етістіктер деген екі салаға бөлінеді.

Шылау сөздер дегеніміз-ішкі мазмұндары жағынан да, сыртқы формалары жағынан да, сондай-ақ қызметтері жағынан да өздерінің бастапқы шыққан төркіндерінен біржола қол үзіп, әрі осы аталған негізгі үш белгі жөнінен де дербестіктерінен айрылып, өз алдына категория болып қалыптасқан және жалпы көмекші сөздер тобына негізгі ұйытқы

есепінде қызмет ететін сөздер. Шылау сөздер өздері тіркескен негізгі сөздердің мағыналарын я толықтырып, я анықтап, оларға әр қилы реңктер жамап, айқындай түсіп отырады. Шылаулар - сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстеп, оларға ортақтасып тұлға жағынан тиянақталған лексика - грамматикалық мағынасы бар сөздер. Шылаулардың бойындағы қалыптасқан негізгі қасиеті - грамматикалық мағынасы бар сөздер. Шылаулардың бойындағы қалыптасқан негізгі қасиеті - грамматикалық мағыналар. Өйткені шылаулардың грамматикалық мағыналары лексикалық мағыналарына қарағанда әлдеқайда басым болады. Тіліміздегі шылаулардың бәрінің де атқаратын қызметтері бірдей емес. Олардың бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланыстарды айқындау үшін қызмет етсе, бірсыпыра шылаулар сөз тіркестері мен сөйлемдердің арасындағы байланысты айқындау үшін дәнекер болады. Ал кейбіреулері жеке сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді анықтау, толықтау үшін я қосымша реңк беру т.б. мақсаттар үшін қолданылады. Міне осындай грамматикалық қызметтеріне қарай шылаулар үш топқа бөлінеді. Олар: септеуліктер, жалғаулықтар, демеуліктер.

Жалғаулықтар дербес лексикалық мағыналары дерексізденген, бірақ өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен абстракт грамматикалық қызметтері бар шылау сөздер. Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тікр естерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әр қилы қатынастарды білдіреді. Жалғаулықтар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркестерінен бірдей қатысты болады.

Толық лексикалық мағынасы жоқ, тек сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын, белгілі бір сөздердің жетегінде қолданылып, түрлі грамматикалық мағына үстейтін көмекші сөздер шылаулар деп аталады. Мысалы, Абай осыны ойлап тез хош айтысты *да*, Бөжей үйінен

шыға жөнелді (129-б.1). Сол шабыс қосылды *ма*, болмаса өзінің бала көңілінің сенделуі сондай *ма*, Абай бір уақытта жылау үстінде лоқсып-лоқсып булығып кеп, құсып-құсып жіберді (35-б.1). Енді анау кәпірден өз жанымызды ақтап, аулақ әкету *үшін*, қырық рудың қырық кісісі кесек атсын (30-б.2). Мен қайдан сүйретіліп жүрейін. *Бірақ* сен бармасаң тағы да бізге ренжиді (281-б.1). Берілген сөйлемдердегі да, ма, *үшін*, *бірақ*, *бе* - шылау сөздер. Бұл сөздер өздері тіркескен сөзге, салаласа, сабақтаса байланысатын сөйлемдерге әр түрлі мағыналық реңк жамайды.

Шылаулардың өздеріне тән мынадай белгілері бар:

Біріншіден, шылаулар абстрактылы грамматикалық мағына білдіреді, олардыңтолық лексикалық мағынасы болмайды.

Екіншіден, шылаулар грамматикалық қызмет атқарады. Олар тең дәрежедегі сөз бен сезді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра және сабақтастыра байланыстырады.

Үшіншіден, шылаулар сөйлемде жеке сөйлем мүшесі бола алмайды.

Төртіншіден, шылаулар өзіне жалғау, жұрнақ жалғамайды, түрленбейді.

Шылаулардың білдіретін грамматикалық мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөлінеді. Олар: жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер.

2.Шылаулардың зерттелу тарихы

Шылаулардың о баста толық мағыналы сөздер болғандығы туралы барлық ғылыми еңбектерде жазылып келеді. А.Байтұрсынов шылауларды былайша үшке бөледі:1. Үстеу. 2. Демеу. 3. Жалғаулық. Ғалым шылаулардың қатарына үстеулерді де жатқызады. Демеуліктерге да, де, ма, ме, әлде не, немесе, әйтпесе де т.б. жалғаулықтарды жатқызады. Ал жалғаулықтарға қазіргі күнде септеулік шылау делініп жүрген біраз сөздер енгізілген. Ол туралы А.Байтұрсынов былайша түсінік береді: «Кей сөздер жалғау орнына жүреді жаңа жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында

турмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз. Жалғаулық сөздер қазақ тілінде тіпті аз, мәселен: мен, үшін, арқылы, тақырыпты, туралы».

Шылаулардың тарихына мән беріп, арнайы тоқталған - М.Балақаев. Ол 1941 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері» атты еңбегінің «Шылау сөздер тарихы» тарауында шылауларды шығу тегі, дамуы турасында ғалымдар пікірлеріне шолу жасай келіп, былай деп жазады: «... шылау сөздердің кейбірі бастапқы сөзінен онша өзгере қоймаған, кейбірі көптеген өзгеріске ұшырап, бұрынғы сөзінен мүлдем қашықтап кеткен...

Профессор С.Аманжолов шылауларға: «Сөйлемдегі сөздердің басын қосуда ерекше орны бар дәнекерлік қызметатқаратын нәрсе...» - деп аныққама береді де, бөлінуін екі түрлі деп көрсетеді: жалғаулық, демеулік. Жалғаулықтарға «сөз бен сөз, сөйлем мен сөйлем арасын біріктіретін, бірақ өз алды жеке жазылатын сөз сымақтар» деп да, де, нө, немесе, бірақ, яки, және, әлде т.б. атайды. Бұлардың өзін іштей қолданылуына қарай екіге бөледі: екі сөйлем ортасында я бір сөйлем ортасында я екі сөз ортасында қолданылатындар (не, бірақ, алайда, кейде) және бір сөйлем ортасында қолданылатындар (және, мен, да, де). Демеулікті де екі түрге бөледі: а) сұрау-тілек демеулігі (ма, ме, шы, ші, ә, сірә); ә) құрау демеулігі (құсап, ары, бері, соң, кейін, сияқты, ішінде, астында, үстінде, арқасында, қасында, арқылы, үшін, дейін, шейін, таман, қарай, ақ, ғана т.б.). Ғалым құрау демеулігінің барлығы тек белгілі бір сөздің артынан айтылатынын атап, демеуліктердің құрау түрлері жеке тұрғанда, мәнді (ішінде, астында), мәнсіз (ақ, мыс) болып бөлінетінін айтады. Ғалым бөлінісінде жалғаулықтардың тобы қазіргімен бірдей болып келсе, демеуліктер ажыратылмай, септеуліктермен араласып кеткен яғни септеулік шылаулар деген сөз қолданылмайды. Профессор Қ.Жұбанов шылауларды қосалқылар, жалғауыштардеп атаған. Қосалқыларға: «Түбірше, оңаша жұмсала алмай, басқа бір түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің біріне

қосалқы болып ғана жүре алады. Ондай сөздерге жанадан көбінесе үстеу де, жалғау да жалғанбайды. Осындай сөздерді қосалқы сөз дейміз»-деп анықтама береді. Қосалқылардың өзін дәйек және аяқ қосалқы деп екіге бөліп, дәйек қосалқыға тым, бек, қас, ең деген қазіргі күшейткіш үстеулерді, ал аяқ қосалқыларға шейін, сайын, мен, да, ақ, ғой шылауларын жатқызады.

Шылаулардың бір жағынан, жеке сөз тәрізді дербес тұлғада болуы, екінші жағынан, мағынасының дерексіз, абстрактылы болып, көмекшілік қызметте қолданылуы ғалымдардың біразының оларды дербес сөз деп, ал кейбір зерттеушілердің оларды жалғау мен жұрнақтарға теңеуіне себеп болды. Профессор Р.Әміров 1959 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі жалғаулықтар» деген еңбегінде былай деп жазады: «Шылау сөздер өздерінің мағынасы, қызметі жағынан грамматикалық категорияға жуық болғанымен, олар сөз қатарына жатуға тиіс. Өйткені, біріншіден, шылаулар басқа сөздер сияқты дара тұлғаға ие. Сөйлем ішінде бөлек тұрады. Екіншіден, грамматикалық мағыналар да, басқа сөздер сияқты, дүниедегі құбылыстарды танудан туады....шылау сөздер де белгілі бір ұғымға ие. Ол ұғым- атаулы сөздер білдіретін ұғымнан абстрактылау, дерексіз, дегенмен, ол- адамның дүние тану, ойлау жұмысы негізінде туған ұғым» .

Қазақ тілінің грамматикаларында А.Ысқақовтың еңбектерінде шылау сипаты толық ашылған деуге болады.

Шылаудың жекелеген түрлеріне қатысты еңбектер де баршылық. Олардың қатарынан септеуліктер мен дөмеуліктер жайында еңбек жазған Ф.Кенжебаеваны, Қ.Әміралиевті, Қ.Қадашеваны, Ғ.Иманғалиеваны және дөмеулік шылаулардың функционалды негізін танытуға арналған Ы.Шақаманның зерттеу еңбегін атауға болады. Әйтсе де шылаудың функциялық аясы, кейбір семантикалық ерекшеліктері, олардың қалыптасу жолдары сияқты зерттеуді қажет ететін тұстары да жоқ емес.

Негізгі бөлім

1. Жалғаулық шылау және оның түрлері

Өзара тең дәрежедегі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді әр түрлі мағыналық қатынаста байланыстыратын кемеңші сөздердің бір тобын жалғаулықтар дейміз. Мысалы, Халық *пен* халықты, адам *мен* адамды теңестіретін нәрсе - білім. Жазығы жоқ жақынды, жалғыз бен жалқыны жеп етуге анттасады (413-б.2). Берілген мысалдардағы *пен*, *мен* жалғаулықтары тең дәрежедегі сөз бен сөзді ыңғайластық мәнде байланыстырып тұрса, әрі жалғаулығы сөйлем мен сөйлемді ыңғайластық мәнде байланыстырып тұр. Жалғаулықтар салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін әр түрлі мағыналық қатынаста жалғастыру үшін қолданылады.

Мағынасына қарай жалғаулықтар алты топқа бөлінеді:

1. Ыңғайластық жалғаулықтар: *мен* (бен, пен), және, да, де, та, те, әрі.
2. Талғаулықты жалғаулықтар: әлде, біресе, не, немесе, болмаса, я, яки, кейде, мейлі.
3. Қарсылықты жалғаулықтар: бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, сонда да, әйткенмен.
4. Себептік жалғаулықтар: себебі, өйткені, неге десең.
5. Салдарлық жалғаулықтар: сондықтан, сол үшін, сол себепті.
6. Шарттық жалғаулықтар: егер, онда.

1. Ыңғайластық жалғаулықтары бірыңғай сөйлем мүшелерін байланыстырады. Ыңғайластық жалғауларының ішінде тілде аса жиі қолданылатыны *-және* жалғаулығы. Және жалғаулығы ыңғайлас келген екі немесе одан да көп бірыңғай мүшелерді, сөйлемдерді байланысқа түсіреді. *Және* жалғаулығы сөз табын талғамайды. Мысалы, Абай бұл күнді күні бойы және осы түнді де оңашада жапа-жалғыз, қайғыда, ауыр қасырет тебіrentкен күйде толас таппай өткізді (415-б.2).

Және жалғаулығы салалас құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдерді де ыңғайластыра байланыстырады. Мысалы, Арада бір-ак жұма өткен соң Әбіштің телеграмы бойынша Мағаш әзірленіп болоды да, қасына Майқан дейтін тату құрбысын ертіп және Әбіш жақсы көретін оның елдегі қызықты досы Өтегелдіні алып, Семейден Алматыға аттанды (416-б.2).

Және жалғаулығы ойды айқындай, нақтылай, толықтыра түсу мақсатында жұмсалады. Мәселен, Әйелдің өз перзентін үйретіп, өсіруге ұмтылуы қанында бар және оның мұнымен бірге осыған сай қабілеті бар.

Мен (*бен,пен*) жалғаулықтар тек зат есімнен немесе субстантивтенген басқа сөздерден болған сөйлем мүшелерін байланыстырады.Тілде өте жиі кездеседі. Мысалы,... ғылым *мен* мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр. Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй.

Мен жалғаулығы арқылы сөздер байланысқанда жалғау соңғы сыңарға жалғанады. Мысалы,... халық *пен* халықты, адам *мен* адамды теңестіретін нәрсе-білім. Өлең халық көңіліндегі қайғы мен қасіреттің, қуаныш *пен* шаттықтың серігі.

Әрі жалғаулығы заттың, нәрсенің, қимылдың сапасын, қасиетін білдіретін мүшелерді байланыстырады. Мысалы: Көкшіл түсті үлкен көздері-*әрі* салқын, *әрі* сыр берместей сабырлы (15-б.1). *Әрі* жігіті, *әрі* сөз ұғып, адам болар деген жасы (16-б.1).

Әрі жалғаулығы кейде салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жеке сөйлемдерді де ыңғайластыра байланыстырады. Мысалы, Әбіштің сөздерінде әрі саясаттық шеңберлік бар, *әрі* Семейдің үркек қорқақ чиновниктерін сескендіру де бар.

Да, де, та, те шылаулары жалғаулық та, демеулік те болады. Бұл жалғаулықтардың ең басты қызметі - сөз бен сөзді, сөйлемдерді ыңғайластыра байланыстыру. Мысалы. Осы ойы да орынды және Сейілді де қызын ұзатып әкелген соң шақырған жоқ еді (418-б.2).

2. Талғаулықты жалғаулықтарға әлде, біресе, не, немесе, болмаса, я, яки, кейде, мейлі шылаулары жатады. Мысалы, Не жылуы, *не* ыстық суы жоқ ескі үйде тұрады екен, соны жаңа үйге ауыстырып беруін өтінді.Әбсәмет сияқты әдейі жарысқа шыққан, *не* желіскер *не* жорғалар емес (431-б.2).Абай бұрынғы әдетінде өзі жазған өлеңдерін бірді-екілі адамға оқып беріп, *не* Мағашқа *немесе* Дәрмен, Кәкітайға, *кейде* Кішкене молдаға жөнелтуші еді (443-б.2).Жай кісі емес тіпті, Әйнекем сөйдепті дегенде қарным ашып қалады!-деп, *немесе*-құсқым да келеді, дейді (227-б.2.).Әлдеқалай жел ұшырып түсірген шөп-шалам болса, оны алып тастап *немесе* топырағының ойсыраған, қопсыған жері болса, соны қайтадан түзеп ондай отырысады (25-.1). Ерболдың көңіліндегісі Тінібектің *не өзі, не баласының бірі* болу керек (406-б.1).Оқтын-оқтын іргеден соққан жел лебімен әлсіз шам кейде ұйтқып, шалқи түсіп, *кейде* лапылдап, жалпылдай жанады (14-б.1). Сондықтан оның ұйықтап отырғаны, *я* ойланып отырғаны мәлім емес (15-б.1). Бірақ оның шыны ма, *я* әдейі үлкендерге көз қыла ма, әйтеуір, қазір Құнанбай сөзінен басқа бар дүниені ұмытқан (16-б.1). *Не* айтысып, шарпысып кету бар. *Немесе* іштен қоштамаған уақытта Байсал, Бөжейдің бір тәсілі: міндет, мысалды Құнанбайдың өзіне бастатып, артын өзіне тастап кететін әдеті бар-ды (16-б.1). *Кейде* әдейі өздері түртіп, бір бәлеге ұрындырып, одан тағы өздері құтқарып алған боп та бауырына тартады (49-б.1). Шіркін-ай, белімді мына дерт деген зілім басып жатты, *болмаса* сол күні өліп кетсем де бір қимыл етіп өлерме ем, деп қатты арман еттім (211-б.2). –*Мейлің* өзің шеш, *мейлі* сотың кессін (511-б.2). Тақлиди маны бар деуге әуелі өздеріңізде беріктік жоқ, яғни, *я* алдағанға, *я* азғырғанға, *я* бір пайдаңызға қарай дархал осы сағаттың өзінде «ақты-қара» деуге, қараны-ақ» деуге, «өтірікті-шын» деуге әзірсіздер (525-б.2).

Әлде жалғаулығы талғау мәнін білдіреді, бірақ кейде бір нәрсеге күдіктену, күмән келтіру тәрізді реңкті білдіреді. Мысалы, Жылқыға қасқыр шапты ма, жоқ әлде Әзімбайлар қашаған қуғызып жүр ме?- Кім білсін, *әлде* шамға, біздің дабырға құлақ салып жақындап та келер! (201.2).

Бірде, біресе, бір жалғаулықтары амал-әрекеттің кезекпен бірінен соң бірінің алма-кезек ауысып отыратынын білдіреді. Мысалы, *Біресе* жаңбыр себелейді, *біресе* қар ұшқындайды. Қосқа *бір* кірдім, *бір* шықтым. Шешелері бұған біресе қымыз, *біресе* тоңазыған ет, *біресе* шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады (10-б.1).

3. Қарсылықты жалғаулықтар салалас құрмалас сөйлемдер арасындағы қарсылық мәнді білдіреді. Мысалы, Ақырында ұрыспақ болған адамдай оңтайланып та көріп еді, *бірақ* алғашқы қақтығыста Абайдан шайлығып қапты. Інім ауру, өзім бара алмаймын. Бірақ бұндағы үйлері ашыққан, өздері тон тоздырып, ат арытып, жүдеген отыз жемшік, күн сайын зар қағып, Сейсекенің қақпасының алдын күзетеді дейді (420-б.2). Мен қайдан сүйретіліп жүрейін. *Бірақ* сен бармасаң тағы бізге ренжиді (281-б.1).

Бұл топтағы жалғаулықтардың қатарына *бірақ, алайда, әйтсе де, әпткенмен, сонда да, дегенмен, әйтпесе, әйтпегенде* жалғаулықтары жатады. Олардың ішінде ең жиі қолданылатыны- *бірақ* жалғаулығы. *Бірақ* жалғаулығы сапаласа байланысқан сөйлемдер арасындағы қарсылықты қатынасты білдіру үшін жұмсалады. Мысалы: Ол жазатын да қол сандығына төсегінің бас жағына жинай беретін. *Бірақ* бұнымен ендігі өлеңдерді ешкім білмей қалған жоқ (443-б.2). *Сонда да* қайтпаған Серкені көп ішінде, ұлықтың үйіне кірер жерде Әшірбайдың Оспаны деген бір бұзық Тобықты байқамай қағылған боп, желкеден қойып жіберіп, басындағы бөркін ұшырып түсіреді (449-б.2).

Әйтседе, әйткенмен, сөйтсе де, дегенмен, сонда да жалғаулықтары кейде сөйлемдердің арасындағы қарсылықты қатынасқа күшейткіш мағына да қосады. Бұл жалғаулықтардың *бірақ* жалғаулығына қарағанда қолданылу өрісі тарлау. Бұл күшейткіш мағына туралы 1967 жылы шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» атты академиялық грамматикада былай делінген: «Бойындағы осы экспрессивтік мағына бұл жалғаулықтардың жұмсалу өрісін өлшеп, белгілейді. Сондықтан бұлар *бірақ* жалғаулығына

қарағанда кем жумсалады». Көп қолданылатын қарсылықты жалғаулықтардың бірі - *әйтпесе* жалғаулығы. *Әйтпесе* жалғаулығы арқылы байланысқан сөйлемдердің екіншісі алғашқысында айтылған уақиға, іс-қимыл болмаған жағдайда соның болмауының нәтижесінде болған уақиғаны, іс-қимылды айтады. Мәселен, Шылбырым үзіліп абырой болды, *әйтпесе* атымды көтеріп кетер ме еді, қайтер еді.

4. Себептік жалғаулықтарға себебі, өйткені шылаулары жатады. Бұл жалғаулықтар тілде аса көп кездеседі. Себептік жалғаулықтар салалас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстырып, соңғы сөйлем апдыңғы сөйлемдегі айтылатын ойдың себебін білдіреді. Мысалы,... бойдағы аз кемшіліктің өзін жою үшін де күресе білу керек, өйткені, жамандық, кемшілік деген итжанды келеді, бойға ұялампаз. Бұл мекен-жайдың «Затон» деп аталу *себебі* де сол кемелер орналасатын ерекшелігінен туған ат (488-б.2). Оны әлі өзінің шерігіне де татымайтын: бос, болбыр бала көретін. *Үйткені*, Тәкежан осы жазда қайнына да барып келді (140-б.1).

5. Салдарлық жалғаулықтар құрмалас сөйлемнің басыңқы сыңарындағы болған іс-әрекеттің нәтижесін, салдарын білдіру қызметін атқарады. Жалғаулықтардың бұл түріне сондықтан, сол себепті, сонан соң шылаулары жатады. Мысалы, Мағаштың хатынан аурудың «Семейге, еліме жетіп, ата-анамның қолында өтсем» деген арманы барын ұққан еді. *Сондықтан* Абай енді Алматыға уақытша қоюды тапсырыпты (437-б.2). Жер жақын болып екеуіңіз жеңісе алмадыңыз, *содан соң* алысқа айдап отырмын. Бұнда да артына оралар, ие шығар туыс жоқ. *Сондықтан* ба, әйтеуір Қамқа Құтжан мен осы үйдің тілеуіне бар ынтасымен құлаған еді (24-б.1). Ол *сондықтан* бүгін, ауылға жететін күні үлкендерді еріксіз қатты жүргізудің айласын тапқанына дән ырза (5-б.1). Ол *сондықтан* бүгін, ауылға жететін күні үлкендерді еріксіз қатты жүргізудің айласын тапқанына дән ырза (5-б.1). *Сол себепті* жасы елуге тақалған Сейіл

маңдайы мен екі ұрты, көз ұясы айғыз-айғыз ажимға толған қалпымен жалаң аяқ тұр еді (440-б.2).

6.Шарттық жалғаулықтар сөйлемдер арасындағы шарттық қатынасты білдіру үшін жұмсалады. Жалғаулықтардың бұл түріне *егер*, *онда* шылаулары жатады. Көбінесе *егер* жалғаулығы бағыныңқы сөйлемнің бас позициясында қолданылады. Ал *онда* жалғаулығы көбінше басыңқы сөйлемнің басында тұрады. *Егер* мен *онда* жалғаулықтары бір сөйлемнің ішінде екеуі де қатар келетін кездері де болады. Мысалы, *Егер* алдамшы сезімнің арбауына түспесем Ажарға жолар ма едім. Ал, Әбіш, жаңағы сөзің мен Долгов сөзі анық дұрыс сөз болса, *онда* мен де кеше Құнанбай жазықсыз қанын төккен Қодардың ұлы ұрпағы болсам не,- деді. *Егер* аман, есен жетер болса, не сыр барын елер ме екен асық жар (535.2). *Егер* ол көрінсе, біздің Әлмағамбет құрбанға шалған лақтай бақырар еді!-деді (201.2).

Шылау сөздер дегеніміз- ішкі мазмұндары жағынан да, сыртқы формалары жағынан да, сондай-ақ қызметтері жағынан да өздерінің бастапқы шыққан төркіндерінен біржола қол үзіп, әрі осы аталған негізгі үш белгі жөнінен де дербестіктерінен айрылып, өз алдына категория болып қалыптасқан және жалпы көмекші сөздер тобына негізгі ұйытқы есебінде қызмет ететін сөздер. Шылау сөздер өздері тіркескен негізгі сөздердің мағыналарын я толықтырып, я анықтап, оларға әр қилы реңктер жамап, айқындай түсіп отырады. Шылаулар - сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстеп, оларға ортақтасып тұлға жағынан тиянақталған лексика - грамматикалық мағынасы бар сөздер. Шылаулардың бойындағы қалыптасқан негізгі қасиеті - грамматикалық мағынасы бар сөздер. Шылаулардың бойындағы қалыптасқан негізгі қасиеті - грамматикалық мағыналар. Өйткені шылаулардың грамматикалық мағыналары лексикалық мағыналарына қарағанда әлдеқайда басым болады. Тіліміздегі шылаулардың бәрінің де

атқаратын қызметтері бірдей емес. Олардың бірқатары сөз бен сөздің араындағы грамматикалық байланыстарды айқындау үшін қызмет етсе, бірсыпыра шылаулар сөз тіркестері мен сөйлемдердің арасындағы байланысты айқындау үшін дәнекер болады. Ал кейбіреулері жеке сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді анықтау, толықтау үшін я қосымша реңк беру т.б. мақсаттар үшін қолданылады. Міне осындай грамматикалық қызметтеріне қарай шылаулар үш топқа бөлінеді. Олар: септеуліктер, жалғаулықтар, демеуліктер.

Жалғаулықтар дербес лексикалық мағыналары дерексізденген, бірақ өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен абстракт грамматикалық қызметтері бар шылау сөздер. Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әр қилы қатынастарды білдіреді. Жалғаулықтар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркестерінен бірдей қатысты болады.

Жеке сөздер мен сөйлемдерді байланыстыру қабілеті жағынан жалғаулықтар: салаластырғыш, сабақтастырғыш болып екі топқа бөлінеді.

а) Салаластырғыш жалғаулықтар бірыңғай жеке сөздер мен сөз тіркестерін және бірыңғай сөйлемдерді байланыстарады да, солардың өзара байланысу жолдары мен қатынастарын көрсететін салаластырушы жалғаулықтар іштей ыңғайластық және талғаулықты болып екі салаға бөлінеді.

ә) Сабақтастырғыш жалғаулықтар. Сабақтастырғыш жалғаулықтар тек құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырып байланыстырып, солардың ара-қатынасын анықтап көрсету үшін жұмсалады.

2. Септеулік шылаулар

Объекті мен объектінің арасындағы әр қилы грамматикалық қатынасты білдіріп, белгілі бір септік жалғауын керек етіп тұратын сөздерді септеуліктер деп атаймыз.

Септеулік шылаулар мағынасы мен қызметіне қарай септік жалғауларына ұқсайды. Сондықтан да олар өзі тіркескен сөзінің белгілі бір септікте тұруын қажет етеді. Септеуліктер өздері тіркескен сөздерге себептік, бағыттық, мақсаттық, мезгілдік, болжалдық, бірлестік, талғау, таңдау т.б. мағыналар үстейді. Мысалы, Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, *одан соң* күш керек, *одан соң* тәртіп керек. Халықтың кемеліне келіп өркендеп *өсуі үшін* ең алдымен азаттық пен білім қажет. Өздері баратын үйге беттеп, Старо-кладбищен көшесімен *оңға қарай еңіске таман* тағы да қатты жорғалата жөнелді (424-б2.).

Септеулік шылауларды зерттеген ғаламдардың бірі- Ф.Кенжебаева. Ол септеуліктердің негізгі қызметі мен мағыналық түрлерін, басқа шылаулармен ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетеді. Ғалым Ф.Кенжебаева септеулік шылаулардың негізгі бірнеше ерекшеліктерін атайды: «Септеуліктердің бірінші ерекшеліктері - септік жалғауларындағы сөздерді меңгеріп, өздерінің әрбір септікті меңгеруіне қарай топталуы болса, екінші ерекшелігі - сол меңгерген септіктеріне үстеме мағына қосып, олардың ұғымын нақтылауы. Үшіншіден, септеулік шылаулар септік жалғауындағы сөздердің құрамына еніп, сол сөздерді келесі сөздерге септестіре байланыстырады да, олардың сөйлемдегі қызметін нақтылайды» .

Көптеген еңбектерде септеулік шылаулардың қандай септікпен тіркесетіндігі туралы ғана айтылып жүргені мәлім. Кейбір зерттеушілер мәселеге тереңірек барады. Септеулік шылаулардың белгілі бір септік формасындағы сөзбен тіркесетіндігі жайында ғылымда бірізді пікір

қалыптасқан деуге болады. Мәселен, профессор Н.Оралбаева: «Септеулік шылаулар белгілі септік формасына байлаулы, әр септік формамен қолданылатын тілде түрлі септеуліктер бар. Септеуліктер өзі тіркескен сездің белгілі септікте тұруын қажет етеді» - дейді. Ғалым септеуліктер сөйлемде дербес сөзбен бірге бір мағынаны білдіреді, сөйтіп олар біртұтас элемент қызметін атқарып, сөйлемнің мағыналы бір бөлшегі қызметінде жұмсалады деп санайды. Ғалым Н.Оралбаева септеулік шылауларды аналитикалық септікке жатқызады: «Әрине, септеулік шылаулардың заттардың арасындағы апуан түрлі қатысты білдіретіні сөзсіз және олардың септеулікatalуы да белгілі дерекке негізделген. Олардың тіркесетін тұрақғы септіктері бар. Басқаша айтқанда, олар белгілі септіктердің мағынасын ғана толықтырады. Осы тұрақтылық тегін емес. Сондықтан қазақ тілінде де аналитикалық септік нақтылы арнайы зерттеуді керек етеді» .

Септеулік шылаулар дербес сөз формасын таңдап, талғап тіркесетіндіктен, олар барлық септік жалғауларымен қолданыла бермейді. Септеуліктер атау, барыс, шығыс және көмектес септікте тұрған дербес сөздерге ғана тіркеседі. Септеуліктердің дербес сөз тұлғасын таңдауы, сол септеуліктің өзінің мағынасы мен тіркесетін септіктің мағынасының жақындығына байланысты.

Септеуліктер де басқа шылаулар сияқты өзіне жалғау, жұрнақ жалғамайды, яғни түрленбейді. Септеуліктер зат есімдерге, заттанған басқа сөз таптарына, қимыл атауына (есіміне) тіркеседі. Оларға септеуліктер мынадай тұлғалардан кейін барып тіркеседі:

1. Атау септігін меңгеретін септеуліктер: үшін, сайын, сияқты, секілді, тәрізді, туралы, арқылы, бойы, бойымен, бойынша, жайлы, жайында, шамалы, шақты, қаралы.
2. Барыс септігін меңгеретін септеуліктер: шейін, дейін, таман, жуық, тарта, қарай, таяу, салым.

3. Шығыс септігін меңгеретін септеуліктер: гері, кейін, соң, бері, әрі, бұрын, бетер.

4. Көмектес септігін меңгеретін септеуліктер: қатар, бірге, қабат.

Атау септігін меңгеретін септеуліктер

Атау септік тұлғасындағы сөзбен тіркесетін септеуліктер, негізінен, есім сөзден соң жұмсалады.

Үшін септеулігі есім сөздермен, қимыл атауымен және -мақ (-мек), -ған (-қан, -кен,-ген) формалы есімшелермен тіркесіп, оларға себептік, мақсаттық мағына үстейді. Мысалы, Екі анасын көңілдендіріп тағы *айтқызу үшін* кейде өзі де қаладан әкелген кітаптарының ішінен: «Жүсіп-Зылиха» сияқты қиссаларды оқып берді. *Абай үшін* бұл күз айрықша бір жемісті, шабытты еңбек күзіне айналып келеді (556-б.2).

Сайын септеулігі зат есімдермен, есімшемен тіркескенде, ол сөздерге даралау мағынасын береді немесе белгілі бір істің қайталануын білдіреді. Мысалы, Көше бойының шыныланып қойған қалың қары көк аттың тағасы *тиген сайын* сықырлай түсіп, кірш-кірш етеді. Аспан күн *сайын*, бір ауық кірбің тартып сұрланады (471-б.2). Қопа мен Қаршығалы сияқты қоныстарды Бөкеншіге Жігітектен алып бергеннен бері, қазір міне, күн *сайын* көші-қон да, жайылыс-өріс, бие-бау да даулы болып тату ағайын тоңырайысып барады (132-б.1).

Туралы септеулігі бір құбылыс туралы, сол хақында, сол турасында, сол жайында деген сияқты мәнде жұмсалады. Мысалы, Құнанбай Жидебайдағы *істер туралы* Жұмабай мен Тәкежан сөздерін түгел тыңдап алды да, Абайларға енді ыза болды. Осы *туралы* септеулігімен мағыналас жайында, жөніндегі, жөнінен, турасында, турасынан деген шылаулар да бар. *Желқұйын туралы* өз ауылындағы бір үлкен аңшының айтқан сөзі еді. Ол осы *іс жөніндегі* арам ойды ерте ойлаған. *Кәмшат турасында* күйзелтіп күңіrentіп отырсындар сендер бізді. Ел мен елдің шабысы, *таласы жайында* бірталай күндер айтты. Бірақ

Құнанбай *өз баласы туралы* екі ұшты болуын тез жойып, Байдалы сөзінің салмағына көз салып кетті (124-б.1).

Арқылы септеулігі зат есіммен, тұйық етістікпен тіркесіп, іс-әрекеттің не арқылы іске асқанын білдіреді. Мысалы, Абайдың байлауын *тілмаштар арқылы* енді түгел түсініп болған екі ояз күлісіп, бір-бірімен келісе жарасқандай. Жиренше *арқылы* Абайға пара ұсынған Барақ, қазір көтеріңкі отыр.Белағаш қазағы пысық, сөзшең *жігіт арқылы* Абай келіссөзді керіске жібермей, оп-оңай шешті (541-б.2). *Ағам арқылы*, орыс өнерінен келіп жатқан шын үлгі ғой! (579-б.2).

Шамалы, шақты, қаралы септеуліктері негізінен сан есімдерге тіркесіп оларға болжалдық мән үстейді. Мәселен, Осы көштердің алдында Сүйіндік, Сүгір, Жексен және басқа да кәрі, жастан *жиырма шақты* кісі оқшауырақ келеді. Қазірде Бөжей қорасының алдында тұрған *қырық шамалы* кісі бар. Олардың алдында *жүз қаралы* жылқы бар (100-б.1).

Бойы, бойымен, бойынша септеуліктері зат есімдермен, есімдіктермен және -ған, (-қан, -кен, -ген) тұлғалы есімшелермен тіркесіп, белгілі бір мерзімді толық қамтитындай мағынаны береді. Мәселен, Күндегі *машық бойынша* келіп жатқан атқамінер, даугер, арызшылар.Күндіз ойлана жүріп, бірнеше *кеш бойы* осылайша отырып жазу жазады (472-б.2). *Күні бойы* батпақ кешіп, аяғы әрі былғаныш, әрі күс-күс болған Оспанды-Бері келші, әй, балам! Бері келші!-деп, ешбір сыр білдірмей, ұрыспай шақырды (38-б.1).Осы білген деректері *бойынша*, Дайыр тысқа шыға сала, басы-көзін тер басқан бұйра қоңыр атына міне бере көше бойлап шаба жөнелген (478-б.2).Жылдағы әдет *бойынша* бұл ел әуелі бауырға қарай, көктемдік қоныстарға барушы еді (127-б.1). *Түн бойы*, төсек үстінде, Абайдың аяқ жағында отырып алып егіліп жылаумен болды(434-б.2). Абайды айнымас *дағдылары бойынша* ескі достары, тұл қатын Дәмежан, қайықшы Сейілдер қонаққа шақырған (722.2.). (722-б.2).

Сияқты септеулігі негізінен есім сөздермен тіркеседі. Мысалы: Үй іші *сияқты* дала да бүгін дағдыдан тыс жым-жырт (37-б.1).Менің

аналарым інде жатқан суыр емес, анау сенің Қаражан деген сараң қатының сияқты (228-б.1). Кейбір жолдар бұл тұста, Мәкеннің көңілінше тура Әйгерімге дәлдеп айтқан дос, тілектес өсиет сияқты (557-б.2).

Барыс септігін меңгеретін септеуліктер

Шейін (дейін) септеулігі зат есімге, сан есімге, есімдікке және есімшелерге тіркесіп, мезгіл-мекен мағынасын білдіреді. Мәселен, Осы жасына *шейін* өз қасиетін жоятын жаман аттан да аулақ. Осы түнде *ас піскенге шейін* Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. Ол қазір шешесіне қарай тарпылдап жүгіріп, дәл от басынан Абайдың *төсегіне дейін* бір-ақ секіріп, Ұлжанның тізесін соға дүрс етіп кеп түсті. Бұл мысалдардың «шейін» септеулігі қатысқан алғашқы екеуінде мезгілдік мағына болса, соңғы үшінші сөйлемде «дейін» септеулігі тіркескен «төсегіне дейін» тіркесте мекен мәні бары байқалады. Тағы да мысалдар келтірейік: Тәшкенге *шейін* қазақ ішімен барысады (290-б.1). Осы жасына *шейін* өз қасиетін жоятын жаман аттан да аулақ (23-б.1). Құнанбай да, Зере, Ұлжан да осы *сәскеге дейін* хабаршы келмегенін түсіне алмай, аса дағдарған еді (135-б.1).

Қарай, таман септеуліктері зат есімдерге, көмекші есімдерге, есімдіктерге және үстеулерге тіркеседі. Мысалы, Қызылшоқыдан *Шыңғысқа қарай* тартатын көш соқпақтың сол жағында, жағада бір жалғыз төбе бар еді. Балалар аттарына мінісіп, беттерін ауыл жаққа бұрғанда, жаңағы асқан белден асып, *ойға таман түсіп* келе жатқан қалың көш көрінді. Табалдырықтан аттай ақырындау үнмен сыздана сәлем берген Әзімбай, Абайға бір ғана рет салқын қарап, жалт етті де, *төрге қарай* адымдады (447-б.2). Сол-ақ екен жігіттерінің бәрі де тымақтарын киіп, қамшыларын қолдарына алғанда Әзімбай өзі Абайға: «қош» деп елден бұрын тұрып, *есікке қарай* салмақпен тік басып тарта берді (449-б.2). *Қарсысына таман* отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді (15-б.1). Шұнақ құлақтау, тік шашты, тайқы маңдай, жыпық көз, селдір сары

мұртты бір тілмаш, ұлықтар столының маңына таман отыр (407-б.1). – *Бері қарай, бері таман*, жақындай түсіңіз!-деп өзі шақырды (538-б.2).

Салым, тарта, жуық септеуліктері зат есім мен сан есімге тіркесіп, мезгілдік мәнді білдіреді. Мысалы, мыңға тарта, күзге салым, отызға жуық. Романнан мысал келтірейік: ...Бұйрық Оразбайдың үлкен үйінен айтыла сала, бір сүт пісірім ішінде, *жүзге тарта* жарау сәйгүліктер тегіс ерттеліп болып, бір қол ер-азамат сойыл, найза, шоқпар айбалталарын алып іріктеліп, Көкен тауына бұлкектей жөнеліп, бет қойды (452-б.2)

Шығыс септігін меңгеретін септеуліктер

Гөрі септеулігі зат есіммен, есімдікпен және -қан (-ған) -кен (-ген) формалы есімшелермен тіркесіп таңдау, талғау мәнінде жұмсалады. Мысалы, Желі бойындағы жылқылардың *биелерінен* гөрі жарау семіз, саяқ аттары көп. Өзге *баладан* гөрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Өңі Абай реңдес болғанмен, *одан гөрі* суықтау, қалың, қара сұр келген (369-б.1). *Бұлардан гөрі* ересегірек Баймағамбет:» Соңғы хатты оқындаршы!-деген еді (570-б.2).

Бері септеулігі есімдіктерге, -қан (-ған, -кен, -геи) формалы өткен шақ есімшеге тіркесіп, мезгілдің басталу шегін білдіреді. Мысалы, Аңнан Абай қайтып *келгеннен бері* Баймағамбет қалаға үш рет барып қоржын толтыра кітап апарып, толтыра ала қайтып, Абайдың ендігі ой-азығын жиі-жиі ауыстырумен жүр. *Түннен бері*, дәл таң атып, ел тұрғанша тыныш таппаған. Қорықтан шыққалы *таңертеңнен бері* бөгелместен тартқан үш салт атты, аттарын қан сорпа қылған қалпында, кешкі екінді кезінде Көлқайнардағы Құнанбай аулына, Абайдың өз шешесі Ұлжанның отырған аулына кеп жетіп еді (8-б.1). Көп *заманнан бері* қарай Абай, өзінің жүзіне, дәл осы естігендей тұрпайы, сотқар қатты соққанды естіген жоқ еді (482-б.2). Қопа мен Қаршығалы сияқты қоныстарды Бөкеншіге Жігітектең алып *бергеннен бері*, қазір міне, күн сайын көші-қон да, жайылыс-өріс, бие-бау да даулы болып тату ағайын тоңырайысып барады (132-б.1).

Кейін, соң септеуліктер зат есімдерге, есімдіктерге, қимыл атауына және есімшеге тіркесіп, мезгілдік мағынаны білдіргенде бір істің не нәрсенің орындалу шегінен соңғы жағдайды нақтылайды. Мысалы, *Осыдан кейін тағы* үш кундей Салиқа дауының, Керей-Найман ылаңының тынымсыз тергеуі өтті. *Ет желінгеннен кейін*, шаршап келген қонақтардың алды жата бастады (201-б.1). *Алты күннен соң*, осы Құнанбай ауылдары көшкен жолмен тағы бір мол көштер келе жатты. *Түстік жеп болғаннан соң*, үлкен үйден еркектер тарады (226-б.2.). *Өзін керек еткен сөз бен шырайды көрмеген соң*, енді Абай да Жиренше кеткеннен кейін, *біраздан соң* ақырын сусып, тысқа шықты (21-б.1).

Соң септеулігі кейде мезгілдік мағынадан басқа реттік, яғни, бір нәр-седен немесе біреуден кейін деген мағына да береді. Мысалы, Жаңағы шешелерден басқа: жеңгелер, көрші үйлердің қатындары, бірен-саран тыста жүрген шал-кемпір, онан соң ауылдың барлық үйлерінен шығып, жүгірісіп келе жатқан балалар бар. *Аздан соң* стол қасына шенді сарыала түймелі, ресми ұзын киімді үш-төрт адам келді (407-б.1.).

Бұрын септеулік шылауы зат есімдермен, тұйық етістіктермен тіркесіп, іс-әрекеттің істелген мезгілін басқа бір іс-қимылдың алдында болғандығын білдіреді. Мысалы, Ол *Абайдан* бұрын үйленіп, сол жылы енші алып, бөлініп шыққан. Оған *кетуден бұрын*, әуелі өзімде бармен сенде барды ортаға шығарып, үлеске салып кетемін. Құнанбай, ел жайлауға *шығардан бұрын*, былтыр өзі Қарашоқыдан көшірген Бөкенші, Борсаққа Жігітек жерінің жапсарынан жайлау берген болатын (122-б.2).

Бетер септеулік шылауы іс-әрекеттің бұрын істелген іс-әрекеттен неғұрлым күшті болғанын білдіреді. Мысалы, *менен бетер, одан бетер*. Романнан мысал келтірейік: Мәкен менің бір *туғаннан бетер* жаным деген жақын досым (488-б.2).

Әрі септеулігі де шығыс септікті сөзді меңгереді. Мысалы: Бұл сөз *одан әрі* өрбіген жоқ (52-б.1). Құнанбай да *мұнан әрі* ләм деген жоқ (61-б.1). *Осыдан әрі* Сеит Айсаның үйіне жетіп, атын ұстатып алғанша кедей

ауылға жиырма-отыз құтырған жігіттер жауып келді (690-б.2). Жасыра келіп, енді *бұдан әрі* бүркеуге болмаған соң, жеріне жеткен соң мынадай суық хабар салып отыр ғой (561-б.2).

Көмектес септігін меңгеретін септеуліктер

Көмектес септікті меңгеретін септеуліктерге қатар, бірге септеуліктері жатады. Бұл септеуліктер іс-әрекетті бірнеше субъектінің бірігіп жасағанын білдіру үшін қолданылады. Мысалы, *Сол жаймен қатар* Мырзахандар айтып келген ерлік ертегісі де бұл өңірдің жас баласына дейін түгел жетті. Ол тағдырда *адаммен бірге* жаратылған нәрсе, оны адам өзі жора тапқан емес. Өзімбайдың аузынан шығып жатқан суық *сөздерімен қатар*, жүзінде ылғи айықпаған бір күлкі, қызық жеңсік қатар отырғанға Абай жиренішпен, ашулана қараған (447-б.2). –Абай, атыңды ерттетіп *менімен бірге* Қорық жаққа жүрерсің (370-б.1). Осы жайды *еске алумен қатар*, Оспан қазір мынау Қорыққа келіп қонған көп ауыл, бай ауылдың, қысқы Абай шаруасына залалы тиетінін ескерді (371-б.1). Бірақ советник ұлықтардың беделді сенімін міндетіне *алумен қатар*, өз құлқынын да ұмыта алмады (408-б.1). Үйге шам *келумен бірге* Баймағамбет те кірді (424-б.1).

3. Демеулік шылаулар және олардың түрлері

Демеуліктер- шылаулардың құрамына енетін көмекші сөз таптары. Өздері тіркескен сөздерге әр алуан грамматикалық мағына қосатын сөздерді демеулік шылаулар деп атаймыз. Демеуліктер-грамматикаланудың нәтижесінде лексикалық мағынасынан айырылып, тек көмекші қызметке көшкен сөздер.

Ғалым Ы.Шақаман демеуліктердің морфологиялық ерекшелігінің бірі ретінде олардың сөзге жалпылама тіркесе беретін қасиетін айта келіп, оларды үш топқа бөледі: «1) еліктеуіш, одағай сөздерден басқа барлықсөз табына тіркесетін демеулік шылаулар: *да/де, ма/ме, ғана/қана, қой/ғой, -ақ, -ды/-ді, -тын/-тін* және одағайға да тіркесетін демеуліктер: *-ай, -ау*; 2) есім сөздер таптарына, есімдерше түрленетін етістіктерге тіркесетін демеулік шылаулар: *екеш, түгіл, тұрсын, тұрмақ*; 3) жіктелген етістікке ғана тіркесетін демеулік шылау; *-мыс/-міс*». Демеулік шылаулардың мағыналары тек сөйлемде, контексте көрінеді. Мысалы, Қой асығы демендер, қолына жақсы сақа қой, жасы кіші демендер, ақылы асса аға ғой (Қазақтың би-шешендері). Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсүгінгі де тағдыры. Берілген мысалдардағы қой, ғой шылаулары нақтылау, тұжырымдау мәндерін білдірсе, ғана демеулігі шектеу мәнін білдіру мақсатында қолданылған. Демеулік шылаулардың білдіретін мағыналары алуан түрлі. Олардың тілдік жүйедегі қалыптасқан непзп мағыналары мынадай:

1. Күшейткіш демеуліктер: *-ақ, -ай, -ау, да/де, та/те*;
2. Сұраулық демеуліктер: *ма/ме, ба/бе, па/пе, ше*;
3. Нақтылау демеуліктері: *ды/ді, ты/ті, тын/тін, қой/ғой*;
4. Шектеу демеуліктері: *ғана/қана, тек*;
5. Болжалдық демеуліктері: *мыс/міс*;

6. Қомсыну демеулігі: екеш;

7. Салыстыру демеуліктері: түгел, тұрсын, тұрмақ;

1. Күшейткіш демеуліктердің қатарына *-ақ, -ай, -ау, да/де, та/те* шылаулары жатады. Бұл топтағы демеуліктер сөйлемде айтылған ойға күшейту реңін қосу үшін қолданылады. *Да/де, та/те* демеуліктері күшейткіш мәндерін үнемі сақтайды. Мысалы, Қызметін істесе де қарайласқысы келмегені ғой! Көше сондай қараңғы да емес қой. Сөйлемдерде демеуліктер етістікпен, сын есіммен келіп, оларға күшейту мәнін үстеген. Бұл демеуліктер жалғаулық, септеуліктермен тіркесе береді және өзінің күшейту мағынасынан айырылмайды. Мәселен, Егер *де* маған сенбесеңіздер ояздың өзінен сұраңыздар.

-ақ демеулік шылауы өзі тіркескен сөздерге күшейткіш реңін қосады. Мысалы, Әмісе жолың боғай–*ақ* та! (434-б.2). Амантай өз ойын Қайырға әлдеқашан-*ақ* айтып қойған ғой. Қаланың адамдарын қысылтпайын-*ақ деймін*, бірақ амал жоқ.*Сол-ақ* екен жігіттерінің бәрі де тымақтарын киіп, қамшыларын қолдарына алғанда Әзімбай өзі Абайға: «қош» деп елден бұрын тұрып, есікке қарай салмақпен тік басып тарта берді (449-б.2). –Абай аға, тізгін ұшынан *екі-ақ* сөз айтып, *қазір-ақ* жөнелгелі келді (532-б.2). Мұнда *-ақ* демеулігі есімдік, етістік, үстеу, сын есім және сан есіммен тіркесіп күшейткіш мәнін беріп тұр.

-ау демеулігі көбінесе сөйлемге эмоциялық реңк береді. Мысалы, *Ойпыр-ау*, ел шабысып, егес болысқалы жатқан жоқ па? (447-б.2). Бізге уайым жегені, Арманда боп *қалды-ау?* деп қатар жолдар үлкен оймен көп сезімді сараң тартып іркіле берді (442-б.2).–*Ау*, азамат! О,мына бір нәрсені жадында тұтшы! (456-б.2)

-ай демеулік шылауы толық мағыналық сөздерге тіркескенде оның күшейткіш мәні басымырақ болады. Ал *-ай* шылауы зат есімнен болған сөздерге тіркескенде ол сөздерге ой екпінін түсіріп ерекшелеп тұрады. Мысалы, *Япыр-ай*, қалай келдің? Немен келіп едің (352-б.2). Мұнда әрі таңдану, әрі таңырқау мәні бар.–Қайран *қартым-ай, қадірлім-ай!*–деп Абай

өзімен өзі сөйлескендей күрсініп, бір жалын атты (402-б.2).-*Қалқам-ай, құлыным-ай*, арманда кеткен *қошақаным-ай!*-деп еңіреп жіберді (383-б.1).

2. Сұраулық демеуліктері *ма/ме, ба/бе, па/пе* қандай сөз табымен келгеніне, қандай тұлғада тұрғанына қарамастан үнемі сұрау мәнінде жұмсалады, Олар үнемі баяндауышпен қатар жүреді. Мысалы, Ойпыр-ау, ел шабысып, егес болысқалы жатқан *жоқ па?* (447-б.2). Олары кім, сен *білдің бе?* (446-б.2). Енді алғаш дүниеге көзін ашқан, ана бесігі Ақшоқысына келгенде, бірде-бір жан бұның жүзін көрсе *болмас па?* (445-б.2). –Басқаға бітпеймін *дей ме?* (357-б.2).-Абайжан!Ақылың бар еді ғой. Бір ауыз жылы *жауап қатпағаның ба?*Не қылғаның?-деді (412-б.1).

Ше демеулігі зат есім, етістік, үстеу сөздерге тіркесіп, ойды толықғыру үшін қайталай сұрау мақсатында сөйлемніңсоңында қолданылады. Мысалы: -Сен ал!-Е, *сен ше?*-Ал өзің?-десіп қау-қауласып тұрған жұрт, қолды-қолына бір-бір кесек тас көтеріп алыпты (30-б.1).,

3. Нақтылау демеуліктері *-ды/ді, -ты/ті* өткен шақтағы сөздерді нақтылайды. Мәселен, Жерінің өзі ұры емес пе? «ұрлап әкел де, бір тұмсық айналып, бір шатқалға кір де кет! Жайратып соя сал»-деп тұрған жоқ па, *деген-ді* (431-б.2).Содан үркіп, қашып не жаным аяулы еді!-деп бір *қайырған-ды* (303.2). Анығында Дәрменнің келісі тым *асығыс-ты* (352.2).

-Тын/тін демеулігі *-ды/ді* демеулігімен мағыналас өткен уақыттағы ойды нақтылау мағынасын береді. Мысалы, Болымсыз нәрседен шатақ шығаратын жайсыздау *кісі-тін*.

4. Шектеу демеуліктері *ғана/қана* үнемі шектеу мағынасын үстейді. Мысалы, Кімде-кім өзін билеп, ілім мен өнер үйренген *жағдайда ғана* баянды бақытқа қолы жетеді. Аңқаулығынан, *адалдығынан ғана* бір опық жесе екен!...-деп те арбайтын(228-б.2.).Бірақ мен бүгін сізге, әке мен шешеме, аға мен ініме, бірде –біріне айтапған шынымды, іштегі *өзіммен ғана* жүрген бір сырымды әкеп отырмын (223-б.2). *Осы ғана ма*, Әбіш? (224-б.2.).

Ғана/қана демеуліктері *тек* демеулігімен қатар айтылып, сөздерге күшейту, шектеу мағынасын қосады. Мәселен, *Тек қана* ішудің, сіміре семірудің құлдары (472-б.2).Өзінің өрескел ісін енді аңғарған, үнсіз ашумен *тек қана* басын шайқай түсіп, сенделіп жүрген тентек Оязға қарады (399-б.1).

5. Болжалдық демеуліктері *-мыс/міс* өзі тіркескен сөзге тек болжалдық мағына жамайды. Ол көбінесе етістікгермен тіркесіп, болжалдық мәнді береді. Мысалы, Ойратқа сонау дүрбіт, торғауыт, төлеуіт тайпалары *жатады-мыс*.

6. Қомсыну демеулігіне тек қана *екеш* демеулігі жатады. *Екеш* демеулігі үнемі қомсыну мәнінде жұмсалады. Мысалы, Жан рахатын құс *екеш* құс та біледі. Ал *бөрі екеш* бөрі болса да, бірін-бірі алып жеймін десе, тек қапысын тапқанда ғана жыртушы ойлаушы еді (721-б.2).

7. Салыстыру демеуліктеріне жататын *түгел, тұрсын, тұрмақ* демеуліктері сөз таптарына қалай бірдей тіркессе, сөзге үстейтін мағыналары да сондай ұқсас. Мысалы:-Өй, тәйір, *қойшысы түгіл*, құтпаны жаяу қалсын,-деп бір-ақ байлады да, Абайды аяғынан алып көтеріп, жайдақ биеге мінгізді (175-б.1). Тіпті *қыр түгіл* қалада да көп айтам (688-б.2). *Абайың түгіл*, құдайыңды пана тұтсаң да жерге қағармын!-деп шапқылай жөнелді (496-б.2).Олай айту *былай тұрсын*, егер Дәрмен осылай істемесе, Абай оны кіналар еді (550-б.2).

Қорытынды

Көмекші сөздер деп нақтылы лексикалық мағыналары я әр түрлі дәрежеде солғындап, я бүтіндей жоғалып, сөйлегенде жеке-дара тұлға есебінде қолданылмай, тек мағыналы сөздермен тіркесіп қана жұмсалып, оларға жәрдемші болып қызмет атқаратын сөздерді айтамыз.

Көмекші сөздер ең алдымен атаушы көмекшілер және шылаулы көмекшілер деген екі топқа бөлінеді. Атаушы көмекшілер өздері тіркесетін атаушы сөздерге қосымша лексика-грамматикалық мағына үстейді. Шылау сөздер дегеніміз-ішкі мазмұндары жағынан да, сыртқы формалары жағынан да, сондай-ақ қызметтері жағынан да өздерінің бастапқы шыққан төркіндерінен біржола қол үзіп, әрі осы аталған негізгі үш белгі жөнінен де дербестіктерінен айрылып, өз алдына категория болып қалыптасқан және жалпы көмекші сөздер тобына негізгі ұйытқы есебінде қызмет ететін сөздер. Шылау сөздер өздері тіркескен негізгі сөздердің мағыналарын я толықтырып, я анықтап, оларға әр қилы реңктер жамап, айқындай түсіп отырады. Шылаулар - сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстеп, оларға ортақтасып тұлға жағынан тиянақталған лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер. Шылаулардың бойындағы қалыптасқан негізгі қасиеті-грамматикалық мағыналар. Өйткені шылаулардың грамматикалық мағыналары лексикалық мағыналарына қарағанда әлдеқайда басым болады. Тіліміздегі шылаулардың бәрінің де атқаратын қызметтері бірдей емес. Олардың бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланыстарды айқындау үшін қызмет етсе, бірсыпыра шылаулар сөз тіркестері мен сөйлемдердің арасындағы байланысты айқындау үшін дәнекер болады. Ал кейбіреулері жеке сөздер мен сөз тіркестерін немесе

сөйлемдерді анықтау, толықтау үшін я қосымша реңк беру т.б. мақсаттар үшін қолданылады. Міне осындай грамматикалық қызметтеріне қарай шылаулар үш топқа бөлінеді. Олар: септеуліктер, жалғаулықтар, демеуліктер.

Жалғаулықтар дербес лексикалық мағыналары дерексізденген, бірақ өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен абстракт грамматикалық қызметтері бар шылау сөздер. Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тікр естерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әр қилы қатынастарды білдіреді. Жалғаулықтар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркестерінен бірдей қатысты болады.

Жеке сөздер мен сөйлемдерді байланыстыру қабілеті жағынан жалғаулықтар: салаластырғыш, сабақтастырғыш болып екі топқа бөлінеді.

а) Салаластырғыш жалғаулықтар бірыңғай жеке сөздер мен сөз тіркестерін және бірыңғай сөйлемдерді байланыстарады да, солардың өзара байланысу жолдары мен қатынастарын көрсететін салаластырушы жалғаулықтар іштей ыңғайластық және талғаулықты болып екі салаға бөлінеді.

ә) Сабақтастырғыш жалғаулықтар. Сабақтастырғыш жалғаулықтар тек құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырып байланыстырып, солардың ара-қатынасын анықтап көрсету үшін жұмсалады.

Септеуліктер. Септеуліктер деп объекті мен объектінің не предикаттың арасындағы түрлі грамматикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылып, белгілі бір жақсы септік жалғауын меңгеріп тұратын көмекші сөздерді айтамыз. Септеуліктер өздері тіркесетін есімдерге, субстантивтенген өзге де атаушы сөздерге себептік, бағыт-тық, мақсаттық, көмектік, қайталау, талғау, ұқсату сияқты әр қилы грамматикалық мағыналарды жамап тыңғылықтандырып отырады.

1) Атау септікті меңгеретін септеуліктер

- 2) Барыс септікті меңгеретін септеуліктер.
- 3) Шығыс септікті меңгеретін септеуліктер.
- 4) Көмектес септікті меңгеретін септеуліктер

Демеуліктер. Демеуліктер деп өздері тіркесетін сөздерге әр қилы қосымша реңктер жамайтын сөздерді айтамыз. Лексика-граматикалық мағыналары жағынан демеулік шылаулар сұраулық, шектік, нақтылық, күшейткіш, болжалдық, болымсыздық, қомсыну демеуліктері болып бөлінеді. 1. Сұраулық демеуліктер а) -ма, -ме, ба, -бе, па, -пе

2. Күшейткіш демеуліктерге ау, ай, ақ, да, те шылаулары жатады.

3. Нақтылық демеуліктерге жеке сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын сөйлемде айтылатын ойды нақтыландыра, тұжырымдай түсу үшін қолданылатын (-қой, -ғой, -ды, -ді, -ты, -ті) демеуліктері жатады.

4. Шектік демеуліктер белгілі бір нәрсеге іс - әрекетке, амалға, сын-сипатқа, мезгілге т.б. шек қоя тұжырымдап айту үшін қолданылады. Ондай демеуліктердің қатарына қана, ғана, -ақ шылаулары жатады.

5. Болжалдық демеуліктерге -мыс, -міс және - ау шылаулары жатады.

6. Болымсыздық демеуліктер. Түгіл демеулігі зат есім, сын есім, сан есім, есімдер қимыл атауларына тіркесіп болымсыздық мағына жамайды.

7. Қомсыну демеулігіне екеш шылау ғана жатады. Ол тіркесетін сөзге қомсыну, кемсіну тіпті кейде мұқату сияқты мағыналық реңктер үстейді.

Сонымен, біз қазіргі қазақ тіліндегі шылау сөздердің негізгі түрлерін қазақ халқының ұлы жазушысы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мысалдары негізінде үйреніп шықтық. Жазушы өз шығармасында қазақ тіліндегі шылау сөздердің дерлік барлық түрінен актив қолданғандығын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Аханов. Грамматика теориясының негіздері. Алматы, 1995ж.
2. А.Байтұрсынов Тіл тағылымы. Алматы. 1992
- 3.Балақаев М. Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері. Алматы. 1981ж.
- 4.Исаев С. Қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. Алматы, 1992ж
5. Қазақ тілі грамматикасы. Астана. 2002ж.
6. Төлеуов Ә. Сөз таптары. Алматы, 1990ж
7. Төлеуов Ә.Қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалуы. Алматы. 1983ж.
- 8.Н.Оралбай Қазіргі қазақ тілі. Морфология.Алматы. 2007ж.
9. Авторлар колл. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы. 1989ж.
10. Оразов М. Көмекші сөздер. Ташкент 1997ж.
- 11.Сыздықова Г. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. Алматы. 2012ж.
12. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология 1992ж.
13. М.Әуезов Абай жолы. 1-2-кітап. Алматы. 1989ж.